

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақ егіншілік және өсімдік  
шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-нің  
Басқарма Төрағасы

Ш.О. Бастаубаева  
« 01 » 03 2024 ж.



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы-Ректор

А.Куришбаев

03 2024 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«8D08113 – Өсімдіктер селекциясы»

Берілетін дәрежесі: «8D08113 – Өсімдіктер селекциясы»  
білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы


«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасының отырысында талқыланды

№ 6 хаттама « 16 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  Е.Жанбырбаев


«Агробиология» факультетінің Академиялық комитеті отырысында қарастырылды

№ 6 хаттама « 30 » 01 2024 ж.

Факультеттің АК төрайымы  Г.Баядилова

Университеттің Оқу-әдістемелік Кеңесінде қарастырылып, Ғылыми Кеңеске ұсынылды

№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрағасы  А.Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді

№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

### Құрастырушылар:

Факультет деканы

Кафедра меңгерушісі

Кафедраның қауым.профессоры

Кафедраның б.ғ.д., профессоры

Кафедраның қауым.профессоры

Аға оқытушы, PhD



Е.Абилдаев

Е.Жанбырбаев

К.Уразалиев

С.Сулейменова

Г.Баядилова

Г.Байсеитова

### Жұмыс беруші:

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-нің Басқарма Төрағасы



Ш.Бастаубаева

### Келісілген:

Білім беру бағдарламаларын жобалау офисінің бастығы



Ж.Кусаинова

## Қолдану аймағы

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «8D08113 – Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанттарды даярлауды жүзеге асыруға арналған

### Нормативтік құжаттар

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы;

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазан № 563 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері.

Сайт НПП Атамекен <https://atameken.kz/>

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы 26.12.2019 ж. №263 кәсіби стандарты.

«Жылыжай көкөністері мен жидектерін өндіру» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2022.10.26 № 190 бұйрығына №10 қосымшамен бекітілді.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілді.

«Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2022.10.26 №190 бұйрығына № 4 қосымшамен бекітілген.

«Дәнді дақылдар өндірісі» кәсіби стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 ж. № 263 бұйрығына №19 қосымшасымен бекітілген.

Жаңа мамандықтар атласы:

Агрогенетик <https://www.enbek.kz/atlas/ru/profession/225>

## 1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Білім беру саласының коды және жіктемесі	8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
Даярлау бағыттарының коды және жіктемесі	8D081 Агрономия
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	8D08113 – Өсімдіктер селекциясы
Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Өсімдіктер селекциясы және педагогика саласында жаңа ақпараттық, геномдық және био - технологияларды қолдана отырып, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жоғары өнімді және жоғары сапалы сорттарын жасау бойынша агробиология ғылымындағы практикалық міндеттерді шешуге және оқу орындарында сабақ жүргізуге қабілетті жоғары білікті мамандар даярлау
БЖХС бойынша деңгейі	8
ҰБШ бойынша деңгейі	8
СБШ бойынша деңгейі	8
Кадрларды даярлау бағыты лицензиясы қосымшасының нөмірі	KZ89LAA000311870, 5 тамыз 2021 жыл
ББ Аккредиттеу Аккредиттеу ұйымының атауы Аккредитацияның қолданылу мерзімі	Куәлік №: АВ4874 АРТА 16.06.2023 г. - 15.06.2028 г.
Берілетін дәрежесі	«8D08113 – Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
Оқыту нәтижелері	2 Кесте
Мамандық және қызметтер тізбесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бас агроном</li> <li>- Аграрлық және биологиялық бейіндегі жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының педагог-зерттеушісі;</li> <li>- Агrogenетик <a href="https://www.enbek.kz/atlas/ru/profession/225">https://www.enbek.kz/atlas/ru/profession/225</a>;</li> <li>- Мемлекеттік басқару құрылымдарындағы әртүрлі бөлімшелердің басшысы; меншіктің және өнеркәсіптің әртүрлі нысандарындағы кәсіпорындардың басшысы.</li> </ul>
Кәсіби қызметінің аймағы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аграрлық және биологиялық бейіндегі жоғары оқу орындары;</li> <li>- салалық ғылыми-зерттеу институттары;</li> <li>- ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі мекемелер;</li> <li>- республикалық мемлекеттік басқару органдары;</li> <li>- ғылыми-өндірістік мекемелер;</li> <li>- ҚР ҒЖБМ және ҚР АШМ жүйесінің мемлекеттік кәсіпорындары;</li> <li>- сараптама және жобалау мекемелері;</li> <li>- ауылшаруашылық құрылымдары, фирмалар және әртүрлі меншік түріндегі компаниялар.</li> </ul>
Кәсіби қызметтерінің салалары мен нысандары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптары;</li> <li>- далалық, көкөніс-бақша, бақша-сәндік дақылдар;</li> <li>- генетикалық ресурстар және гермоплазма;</li> <li>- генетикалық мәліметтер базасы және генофондтар;</li> <li>- органикалық және минералды тыңайтқыштар;</li> <li>- пестицидтер, тұқым дәрілері;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- зиянды организмдер (зиянкестер, аурулар және арамшөптер);</li> <li>- ауыл шаруашылығы машиналары мен техникалары;</li> <li>- ғылыми-зерттеу зертханалары;</li> <li>- білім беру орталықтары;</li> </ul>
Кәсіби қызметтің функциялары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- педагогикалық;</li> <li>- ғылыми-зерттеу;</li> <li>- өндірістік-басқарушылық;</li> <li>- ұйымдастыру-технологиялық;</li> <li>- ғылыми-сынақтық;</li> <li>- ғылыми-енгізу;</li> <li>- консалтингтік</li> </ul>
Кәсіби қызметінің түрлері	<p><b>Ғылыми-зерттеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жүргізілетін зерттеу тақырыптары бойынша тәжірибе жасау, ақпаратты өңдеу, талдау және жүйелеу;</li> <li>- өсімдік селекциясындағы өзекті ғылыми проблемаларды және ғылыми зерттеулер бағдарламаларын анықтау және тұжырымдау;</li> <li>- АӨК өзекті мәселелері бойынша ұсынымдар мен ғылыми жарияланымдар есептерін дайындау.</li> </ul> <p><b>Педагогикалық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу жоспарына сәйкес және оның стратегиясы негізінде оқу сабақтарын жоспарлау;</li> <li>- педагогикалық нәтижелерді бағалау;</li> <li>- нақты педагогикалық міндеттерді анықтау, оқыту нәтижелерін болжау,</li> <li>- оқыту технологиясын құру үшін тиісті оқу құралдарын таңдау және пайдалану;</li> <li>- студенттердің оқу, арнайы, ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>- студенттерді өз бетінше эксперименттер жүргізуге және алынған нәтижелерді қорытындылауға үйрету.</li> </ul> <p><b>Өндірістік-басқару:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа сорттарды көбейту және өсіру технологиясын жүзеге асыру, дақылдарды өсіру технологиясын жақсарту тәсілдерін әзірлеу;</li> <li>- еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың, жаңа техника мен технологияны енгізудің, өнертапқыштық ұсыныстар мен өнертабыстардың экономикалық тиімділігін анықтау;</li> <li>- өндірістің рентабельділігін, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімді өндіру мен өткізуге арналған шығындарды азайтуға, шығындар мен өнімсіз шығыстарды жоюға, сондай-ақ өнімді қосымша шығару мүмкіндіктерін анықтауға қатысу;</li> <li>- әзірленген өндірістік-шаруашылық жоспарларды қарауға қатысу;</li> <li>- кәсіпорын және оның бөлімшелері бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалу барысын, шаруашылық ішіндегі резервтерді пайдалануды бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>- экономикалық сала бойынша мекемелердің даму стратегияларын әзірлеу және оларды іске асыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- маркетингтік зерттеулер жүргізуге және өндірістің дамуын болжауға қатысу.</li> </ul> <p><b>Жобалау-экономикалық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қаржылық инвестициялар объектілерін таңдауды жүзеге асыру, кәсіпорынның қаржылық жоспарын және ақша қаражатының түсу болжамдарын әзірлеу;</li> <li>- инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу;</li> <li>- қаржыландыру көздерінің қажеттілігі мен таңдауын негіздеу; қаржылық инвестициялар объектілерін таңдауды жүзеге асыру;</li> <li>- инвестициялық жоспарларды қалыптастыру; қаржылық талдауды жүзеге асырады;</li> <li>- айналым қаражатын басқаруда бақылау;</li> <li>- жаңа сорттарды енгізу процесін ұйымдастыру;</li> </ul> <p><b>Аналитикалық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өсімдіктердің қазіргі заманғы жаңа сорттарын және оларды өсіру технологияларын ұйымдастыру және өндіріске енгізу;</li> <li>- жер, орман, су, еңбек, материалдық және басқа да ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға;</li> <li>- егін шаруашылығын жүргізудің табиғатты қорғау, экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыру және әзірлеу, өсімдік шаруашылығы өнімінің қауіпті зиянды объектілердің болуына сараптама жүргізу;</li> <li>- кәсіпорынның өндірістік-экономикалық әлеуетінің диагностикасын жүргізу;</li> <li>- кәсіпорынның даму үрдісін анықтау.</li> </ul>
Құзыретті болуы керек	<ul style="list-style-type: none"> <li>- отандық және шетелдік өндірістің заманауи жабдықтарын, аспаптарын практикалық қолдануда;</li> <li>- ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарының есептерін дайындауда;</li> <li>- компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, алынған нәтижелерді өңдеуде;</li> <li>- мамандық пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізуде;</li> <li>- мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясаты, экономика және мемлекеттік мекемелерді, ұйымдарды, кәсіпорындарды және аграрлық бейіндегі шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару саласында.</li> </ul>

## 2. БББ бойынша оқыту нәтижелері

Кодтар	Оқыту нәтижелері
PO1	Осы бағытта қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін игере отырып, жеке және ұжымдық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері туралы жүйелі түсінікті көрсету. Топ үшін міндеттер мен жауапкершіліктерді бөле отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра және жүргізе білу. Топтық зерттеу жұмысын ұйымдастыру дағдыларына ие болу.
PO2	Ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бар зерттеу процестерін бейімдеу қабілетін көрсету. Жоғары өнімді және сапалы өнім алу үшін өсімдіктердің жаңа сорттарын құру туралы шешім қабылдау. Селекциялық зерттеудің әдістерін, әдістемесін, бастапқы материалды таңдау және далалық жұмыстарды әзірлеу және жетілдіру бойынша тәжірибелер мен зерттеулер жүргізу.
PO3	Ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға тұрарлық ғылыми өрістің шекараларын кеңейту үшін жеке зерттеулерге үлес қосу. Жазбаша ғылыми коммуникативті дағдыларға ие болу. Ойларын жазбаша түрде жеткізе білу және оларды дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыру. Оқу жұмысын құрылымдау тәсілдерін білу. Эссе, мақала және аннотация жазу дағдыларын көрсету.
PO4	Жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу. Өсімдік селекциясындағы инновациялық технологиялар мен әдістердің жай-күйін түсіну. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруде, сорттарын тексеруде және тұқым өндіруде заманауи технологиялар мен техникалық құралдарды қолдана білу.
PO5	Білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде алға жылжуға жәрдемдесу. Стресс кезінде өндіріс процесін реттеу механизмдерінің рөлін және жеделдетілген және экономикалық тиімді инновациялық әдістермен жаңа сорттар мен будандарды құру кезінде өсімдіктердің әртүрлі стресстік әсерлерге төзімділігін арттыру үшін физиологиялық көрсеткіштер әдістемесін бағалау.

### 3. Білім беру бағдарламасының мазмұны

ЖК/ТК	Пәннің коды	Құзыретті қалыптастырушы пән атауы	Академиялық кредитпен	Көлемі, сағатпен						Кредиттерді курспен және семестр бойынша бөлу						Кафедра	Бақылау формасы
				академиялық сағатпен	Аудиториялық			Аудиториядан тыс		1 курс		2 курс		3 курс			
					Дәрістер	Практикалық сабақтар	Басқалары (практика)	ДӨЖ	ДӨЖ	1 семестр	2 семестр	1 семестр	2 семестр	1 семестр	2 семестр		
БП	<b>Базалық пәндер (БП) циклы/ Цикл базовых дисциплин (БД)/ Cycle of basic disciplines:</b>		<b>20</b>	<b>600</b>	<b>15</b>	<b>175</b>		<b>60</b>	<b>350</b>								
	<b>Модуль 1 Зерттеу әдістері/Методы исследования/Method of research</b>		20	600	15	175		60	350								
1	ЖК	GZA/MNI/RSM 7204	Ғылыми зерттеу әдістері/ Методы научных исследований/ Research scientific methods	5	150	15	30		30	75	5					1	емтихан
2	ЖК	АН/АP/AL 7205	Академиялық жазу/ Академическое письмо/ Academic writing	5	150		45		30	75	5					22	емтихан
3	ЖК	PP/TP/ 7201	Педагогикалық практика/ Педагогическая практика/ Teaching practice	10	300		100			200	10					21	есеп
	КП	<b>Бейіндеуші пәндер циклы/ Цикл профилирующих дисциплин/ Cycle of profile disciplines</b>		<b>25</b>	<b>750</b>	<b>45</b>	<b>190</b>		<b>90</b>	<b>425</b>							
		<b>Модуль 2. Өсімдіктер селекциясындағы биологиялық әдістер/ Биологические методы в селекции растений/ Biological methods in plant breeding</b>		25	750	45	190		90	425							
4	ТК	OSITA/ITMSR/ IMIPB 7305	Өсімдік селекциясындағы инновациялық технологиялар мен әдістер/ Инновационные технологии и методы в селекции растений/ Innovative methods in plant breeding	5	150	15	30		30	75	5					1	емтихан
5	ТК	OTFN/FOUR/ PBOPR 7308	Өсімдік төзімділігінің физиологиялық негіздері / Физиологические основы устойчивости растений/ Physiological basis of plant resistance	5	150	15	30		30	75	5					1	емтихан
		OSBGA/MBGSR/MOBAGIPB 7306	Өсімдік селекциясындағы биотехнология және геномика әдістері/ Методы биотехнологии и геномики в селекции растений/ Methods of biotechnology and genomics in plant breeding														





<sup>1</sup>Примечание:

№	Факультет / Кафедра	
	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	ОРЫС ТІЛІНДЕ
<b>I</b>	<b>Агробиология</b>	<b>Агробиология</b>
1	Агрономия, селекция және биотехнология	Агрономия, селекция и биотехнология
2	Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин	Плодоовощеводство, защита растений и карантин
3	Топырақтану, агрохимия және экология	Почвоведение, агрохимия и экология
<b>II</b>	<b>Ветеринария</b>	<b>Ветеринария</b>
4	Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы	Акушерство, хирургия и биотехнология воспроизводства
5	Биологиялық қауіпсіздік	Биологическая безопасность
6	Клиникалық ветеринариялық медицина	Клиническая ветеринарная медицина
7	Микробиология, вирусология және иммунология	Микробиология, вирусология и иммунология
8	Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена	Ветеринарная санитарная экспертиза и гигиена
9	Н.У.Базанова атындағы «Физиология, морфология және биохимия»	«Физиология, морфология и биохимия» имени Н.У.Базановой
<b>III</b>	<b>Су, жер және орман ресурстары</b>	<b>Водные, земельные и лесные ресурсы</b>
10	Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы	Лесные ресурсы, охотоведение и рыбное хозяйство
11	Жер ресурстары және кадастр	Земельные ресурсы и кадастр
12	Су ресурстары және мелиорация	Водные ресурсы и мелиорация
<b>IV</b>	<b>«Бизнес және құқық» жоғары мектебі</b>	<b>Высшая школа «Бизнес и право»</b>
13	Есеп, аудит және қаржы	Учет, аудит и финансы
14	Х.Д.Чурин атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру»	«Менеджмент и организация агробизнеса» имени Х.Д.Чурина
15	Құқық	Право
<b>V</b>	<b>Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы</b>	<b>Зооинженерия и технология пищевых производств</b>
16	Зооинженерия	Зооинженерия
17	Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі	Технология и безопасность пищевых продуктов
<b>VI</b>	<b>Инженерлік-техникалық</b>	<b>Инженерно-технический</b>
18	Аграрлық техника және механикалық инженерия	Аграрная техника и механическая инженерия
19	И.В.Сахаров атындағы «Машина пайдалану»	«Машиноиспользование» имени И.В.Сахарова
20	Энергия үнемдеу және автоматика	Энергосбережение и автоматика
21	IT-технологиялар және автоматтандыру	IT-технологий и автоматизация
<b>VII</b>	<b>Басқарма Төрағасы - Ректордың орынбасары</b>	<b>Заместитель Председателя Правления - Ректора</b>
22	Жалпы білім беру пәндер	Общеобразовательные дисциплины
23	Дене тәрбиесі және спорт	Физическое воспитание и спорт
24	Әскери кафедра	Военная кафедра

#### 4. Модулдердің құзыреттілік картасы

Компетенция коды	Модуль	Базалық құзыреттілік	Оқу нәтижелері
КК1	Модул 1. Зерттеу әдістері	Олар зерттеу әдістері туралы теориялық білімді жетілдіруге, ғылыми зерттеулер жүргізу және оның нәтижелері туралы есептер шығару дағдылары мен дағдыларын дамытуға, сондай-ақ академиялық хат, дәйексөздер мен плагиат ережелерін, ақпараттық мәліметтер мен мәліметтер жиынтығын, халықаралық ғылыми дәйексөздер базасын жүргізудегі білім, білік пен дағдыларды дамытуға бағытталған	<ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттерде өзіндік шығармашылық ойлау, ғылыми зерттеулер жүргізу, мәліметтерді жинау және талдау, ғылыми мақалалар, ірі ғылыми зерттеулердің бөлімдері жазу қабілеттерін қалыптастыру;</li> <li>- диссертацияны дайындаудағы ғылыми зерттеу әдіснамасына қатысты негізгі терминологияны, ғылыми зерттеудің негізгі компоненттерін және олардың сипаттамаларын, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі мәтіндерді аналитикалық өңдеудің мақсаттары мен міндеттерін білу;</li> <li>- ғылыми, техникалық және танымал ғылыми мәтіндерге стилистикалық талдау жүргізу;</li> <li>- кәсіптік ақпарат сферасының стилистикалық және жанрлық байланысын анықтау,</li> <li>- ақпараттық дерекқорды, халықаралық ғылыми дәйексөздер базасын анықтау</li> </ul>
КК2	Модуль 2. Өсімдіктер селекциясындағы биологиялық әдістер	Бұл пәнді оқып-үйрену докторанттардың селекция туралы ғылым және оның ауылшаруашылық өндірісіндегі рөлі туралы түсініктерін дамытуға бағытталған, селекция мен тұқым шаруашылығының негізгі әдістері мен принциптерін, сорт пен будандастыру туралы түсінік және өзара байланыс тіршілік ету ортасы бар организмдердің ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциялық процесін ұйымдастыра білу. Мемлекеттік сорт сынауының негізгі кезеңдерін білу, сынау және селекциялық жетістіктерді қорғауды түсіну. Тұқым шаруашылығының теориялық негіздерін және осы білімді практикада қолдана	<p>Зерттеу саласы туралы жүйелі түсінік көрсету, өсімдіктер мен тұқым шаруашылығы саласында қолданылатын зерттеу әдістері мен дағдыларын меңгеру.</p> <p>Студенттерде ӨГР анализі мен халықаралық генетикалық және ақпараттық деректер қорынан алынған мәліметтерді жобалау, ойлау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету.</p> <p>Өсімдіктердің жаңа сорттарын құруға және енгізуге өзіндік зерттеулермен үлес қоса білу.</p> <p>Зерттеу салаларында (егістік, жем -шөп, көкөніс және басқа дақылдар) бастапқы материалдың жұмыс жинағын құру және пайдалану кезінде жаңа және күрделі идеяларды сыни бағалау, талдау және синтездеу.</p> <p>Өсімдіктер селекциясында</p>

		<p>білуді түсіну.  Пән жасушаның тұқым қуалайтын аппаратының құрылымы мен ұйымдастырылу заңдылықтары, кариологиялық, цитозэмбриологиялық және гистологиялық әдістері бойынша бастапқы және селекциялық материалдарды бағалау туралы түсініктерді кеңейтуді және тереңдетуді қарастырады; өсімдік геномын молекулалық әдістермен талдау және РНҚ мен ДНҚ -ны бөліп алу мен зерттеу технологиясын қолдану; өсімдіктер селекциясында ПТР әдістері мен молекулалық-генетикалық маркерлерді қолдану.  Бейімделу мен стресстің әсері, төзімділіктің жалпы механизмдері, молекулалық - генетикалық тәсілдер және сорттардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігін арттырудың басқа әдістері.</p>	<p>биологиялық әдістерді қолдану кезінде зерттеу саласы мен дағдыларын меңгеру туралы жүйелі түсінігін көрсету.  Оқушылардың бойында қоршаған орта факторларының генотиптердің реакциясына әсерін талдау қабілеттерін ойластыру, жобалау, жүзеге асыру және бейімдеу қабілеттерін көрсету.  Өсімдік селекциясында биологиялық әдістерді қолданған кезде жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдап, бағалап, синтездеу.  Академиялық және кәсіби тұрғыда білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуына ықпал ету.</p>
--	--	---	--

**5. Білім беру бағдарламасы бөлінісінде игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте**

Оқыту курсы	Семестр	Оқытылатын пәндер саны		Академиялық кредиттер саны							Барлығы сағатпен	Саны	
		ЖО	ТК	Теориялық оқыту	Педагогикалық практика	Зерттеу практикасы	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Қорытынды аттестация	Барлығы	Емтихан		Есеп	
<b>I</b>	<b>1</b>	3	2	25			5		30	1200	5	1	
	<b>2</b>	-	-		10	10	10		30	990		3	
<b>II</b>	<b>3</b>	-	-				30		30	480		1	
	<b>4</b>	-	-				30		30	870		1	
<b>III</b>	<b>5</b>	-	-				30		30	510		1	
	<b>6</b>	-	-				18	12	30	1350		1	
<b>Барлығы</b>		<b>3</b>	<b>2</b>	<b>25</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>123</b>	<b>12</b>	<b>180</b>	<b>5400</b>	<b>5</b>	<b>8</b>	

## 6. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндер атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын күзiреттер (кодтар)
<b>Базалық пәндер циклы. / Жоғары оқу орны компоненті</b>				
1	Ғылыми зерттеу әдістері	Пәнде технологиялық процестерді зерттеу әдістемесі, олардың заңдылықтарын зерттеу, педагогикалық дағдыларды дамыту және қолдану қарастырылады. Пән білім берудегі заманауи технологиялардың мәні мен маңыздылығы туралы, сондай-ақ ғылыми жұмыстың әдістемесін анықтайтын ғылыми зерттеулердің эмпирикалық, теориялық деңгейі туралы түсінік береді.	5	КК1, ОН1
2	Академиялық хат	Бұл курс докторанттардың жазбаша және ауызша академиялық мәтіндер жасау дағдыларын, библиографиялық сипаттаманы дұрыс дайындауды, ғылыми қоғамдастық принциптерін қалыптастырады. Пән ғылыми дискурс, дәйексөздер мен плагиат, ақпараттық мәліметтер базасы мен деректер жиынтығы, халықаралық ғылыми дәйексөздер базасы (Web of Science, SCOPUS), орыс ғылыми дәйексөздер базасы (RSCI).	5	КК1, ОН1, ОН3
<b>Кәсіптік пәндер циклы /Таңдау компоненті бойынша</b>				
3	Өсімдік селекциясындағы инновациялық технологиялар мен әдістер	Пән докторанттардың жасушаның тұқым қуалайтын аппаратының құрылымы мен ұйымы, хромосомалық және гендік инженерия әдістері, асыл тұқымды материалды бағалаудың заманауи молекулалық - генетикалық әдістері туралы білімдерін кеңейтуді және тереңдетуді қарастырады; молекулалық сканерлеу деректеріне және өсіруде рекомбинантты ДНҚ технологиясын қолдануға негізделген өсімдік геномын талдау; ұрпақтарды будандастыру мен іріктеу үшін жұптарды таңдауда молекулалық-генетикалық маркерлерді қолдану.	5	КК2, ОН2, ОН4, ОН5
4	Өсімдік төзімділігінің физиологиялық негіздері	Бұл пән аясында өсімдіктердің өсуі мен дамуына стресстің және бейімделудің әсері, өсімдіктердің әр түрлі стресстерға төзімділігінің жалпы және ерекше механизмдері, өсімдіктердің әр түрлі стресстерге төзімділігін зерттеуде молекулалық-генетикалық технологияларды қолдануды үйретеді.	5	КК2, ОН2, ОН4
5	Өсімдіктер селекциясындағы биотехнология және геномика әдістері	Пәннің мазмұны биотехнологиялық және геномдық әдістермен байланысты мәселелер кешенін қамтиды, мысалы: гаплоидтық технология, жасуша селекциясы, жасушалық инженерия, гендік инженерия және өсімдік селекциясының өзекті мәселелерін шешу үшін молекулалық таңбалау, оның ішінде селекция процесінің ұзақтығын қысқарту, сондай-ақ заманауи талдау әдістері мен		КК2, ОН2, ОН4

		технологияларды қолдана отырып, әлемдік жетістіктерді жалпылау негізінде ғылыми зерттеулер жүргізу.		
6	Бастапқы материалды бағалау әдістері	«Бастапқы материалды бағалау әдістері» пәні студенттерге селекциялық және одан әрі ауыл шаруашылығында пайдалану үшін ең жақсы генетикалық ресурстарды таңдау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарының бастапқы материалының сапасын бағалау әдістері мен тәсілдерін үйретеді. Келесі негізгі тақырыптарды қамтиды: Генетикалық материалды бағалауға кіріспе. Фенотиптік сипаттамаларды бағалау әдістері. Молекулалық биологиядағы генетикалық материалды бағалау әдістері. Бағалаудың статистикалық әдістері. Бастапқы материалды бағалаудың практикалық аспектілері. Селекциялық жұмыста бағалау нәтижелерін қолдану.	5	КК2, ОН4, ОН5
7	Селекциядағы генетикалық маркерлер	«Селекциядағы генетикалық маркерлер» пәні ауыл шаруашылығында селекциялық процестерді жақсарту үшін генетикалық маркерлерді қолдану принциптері мен әдістері туралы білім береді. Пән генетикалық маркерлердің негізгі түрлерін зерттеуді, оларды генетикалық әртүрлілікті талдау үшін қолдануды, популяциялардың генетикалық құрылымын бағалауды, кандидат гендермен және қызығушылық белгілерімен байланыс маркерлерін іздеуді және ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциялық процестерін оңтайландыру әдістерін оқытады.		КК2, ОН4, ОН5

**ББ – ға қосымша**

Қосымша 2

## Практика базалары

№	Компаниялардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Контактылар, тел, e-mail
1	«Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	kazniizr@mail.ru, +7 72771 53130, +7 7273883925
2	«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	givotnovodstvo@mail.ru, +7 7273036333.
3	«И. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	Kz_ris@mail.ru,+7 724223-05-63
4	«Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы»ЖШС	Vkniish@mail.ru, +7 723229-68-59
5	«Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	+7 (725) 240-83-97
6	«Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.	10092003@bk.ru, +7 7213851555
7	«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	kazcotton1150@mail.ru, +7 (72541)3-37-09



## Рецензия

на образовательную программу высшего образования по направлению подготовки 8D081 «Агрономия» (докторская программа 8D08113 – Селекция растений)

В данной образовательной программе представлено детальное описание условий реализации программы высшего образования по направлению подготовки 8D081 «Агрономия» с докторской программой 8D08113 – Селекция растений, а также социально-культурной среды университета, способствующей развитию компетенций обучающихся. Включены используемые образовательные технологии и нормативно-методическое обеспечение системы оценки качества освоения обучающимися программы.

Цель разработки этой образовательной программы заключается в методическом обеспечении реализации государственного образовательного стандарта высшего образования (ГОС ВО) по данному направлению подготовки. Основная миссия профессиональной образовательной программы – подготовка высококвалифицированных специалистов в области селекции растений, способных решать современные и практические задачи агробиологической науки, создавая высокопродуктивные и качественные сорта сельскохозяйственных растений с применением новейших информационных, геномных и биотехнологий.

При разработке программы учтены все необходимые требования: предоставлены нормативные документы, база разработки программы докторантуры; дана общая характеристика докторской программы, область профессиональной деятельности, сфера и объект профессиональной деятельности, функции профессиональной деятельности, виды профессиональной деятельности, включая размножение и технологию возделывания новых сортов, разработку методов улучшения технологии возделывания культур, внедрение новой техники и технологий, рационализаторские предложения и изобретения; повышение рентабельности производства, конкурентоспособности продукции, производительности труда; проведение маркетинговых исследований и прогнозирование развития производства.

Компетенции выпускника докторантуры свидетельствуют о полноте и соответствии направленности и результативности учебного процесса. Перечень профессиональных компетенций предполагает высокий уровень знаний в области управленческой деятельности, что позволяет применять их в практической деятельности как в отечественных, так и в зарубежных селекционных организациях.

Материалы образовательной программы полностью соответствуют содержанию дисциплин, входящих в состав программы, и используемым образовательным технологиям, что позволяет выпускникам быть готовыми к выполнению конкретных профессиональных задач в рамках различных видов деятельности.

Образовательная программа высшего образования по направлению подготовки 8D081 «Агрономия» (докторская программа 8D08113 – Селекция растений) полностью соответствует содержанию дисциплин, входящих в состав образовательной программы, и образовательным технологиям, используемым в учебном процессе, что позволяет рекомендовать её к реализации в учебном процессе.

Председатель Правления

ТОО «Казахский научно – исследовательский институт земледелия и растениеводства»



*Ш. Бастабаева*

Ш. Бастабаева



## Рецензия

на образовательную программу высшего образования по направлению подготовки «8D081 - Агрономия» (докторская программа 8D08113 – Селекция растений)

Образовательная программа предоставляет подробное описание условий реализации программы высшего образования по направлению подготовки 8D081 «Агрономия» с акцентом на докторскую программу 8D08113 – Селекция растений, а также социально-культурной среды университета, которая способствует развитию компетенций обучающихся. Программа также включает используемые образовательные технологии и нормативно-методическое обеспечение системы оценки качества освоения обучающимися данной образовательной программы.

Целью разработки данной образовательной программы является методическое обеспечение реализации государственного образовательного стандарта высшего образования (ГОС ВО) по данному направлению подготовки. Миссия основной профессиональной образовательной программы заключается в подготовке высококвалифицированных специалистов в области селекции растений, способных решать актуальные и практические задачи агробиологической науки по созданию высокопродуктивных и качественных сортов сельскохозяйственных растений с применением современных информационных технологий, геномных и биотехнологий.


При разработке программы были учтены все основные требования: представлены нормативные документы, база разработки программы докторантуры; дана общая характеристика докторской программы, область профессиональной деятельности, сфера и объект профессиональной деятельности, функции профессиональной деятельности, виды профессиональной деятельности. Последние включают размножение и технологию возделывания новых сортов, разработку способов улучшения технологии возделывания культур, внедрение новой техники и технологии, рационализаторские предложения и изобретения; увеличение рентабельности производства, конкурентоспособности продукции, производительности труда; проведение маркетинговых исследований и прогнозирование развития производства.

Компетенции выпускника докторантуры демонстрируют полноту и соответствие направленности и результативности учебного процесса. Перечень профессиональных компетенций предполагает высокий уровень знаний в области управленческой деятельности, что делает их применимыми как в отечественных, так и в зарубежных селекционных организациях.

Материалы образовательной программы полностью соответствуют содержанию дисциплин, входящих в состав образовательной программы, и используемым образовательным технологиям, что позволяет выпускникам быть готовыми к выполнению конкретных профессиональных действий в рамках различных видов деятельности.

Образовательная программа высшего образования по направлению подготовки «8D081 - Агрономия» (докторская программа 8D08113 – Селекция растений) полностью соответствует содержанию дисциплин, входящих в состав образовательной программы, и образовательным технологиям, используемым в учебном процессе, что позволяет рекомендовать её к реализации в учебном процессе.

Генеральный директор  
ТОО «АлемАгро Холдинг»  
(АлемАгро Холдинг)»



Абдыкадыров А.А.



АГРОБИОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
АГРОНОМИЯ, СЕЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

№ 6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Алматы қаласы

16 қаңтар 2024 жыл

**Агрономия, селекция және биотехнология кафедра мәжілісінің отырысы**

Төрағасы - Е. Жанбырбаев  
Хатшы - Қ. Құланбай  
Қатысқандар: 20 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламаларын талқылау, бекіту

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Кафедраның меңгерушісі Е.А. Жанбырбаев жаңа талаптарға сәйкес етіп жасалған 2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламаларын талқылауды ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты кафедра меңгерушісінің орынбасары қауымдастырылған профессор Г. Баядилова: 2024-2028 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары кафедрада барлық деңгей бойынша жауапты комитетшісі Г. Байсеитованың профессорлық-оқытушылар құрамымен, жұмыс беруші мекемелерімен бірігіп, қаралып келісілгенін мәлімдеді. Қарастырылып отырған БББ барлық деңгейдегі білім алушылардың қазіргі заман талабына сай академиялық дәрежесінде білім беруге бағытталған пәндер енгізілген. Барлық деңгей бойынша оқу нәтижелері дискрипторларды қолдана отырып өзгертілді және жаңа оқу бағдарламасына сай кейбір пәндер өзгертілді.

Кафедраның меңгерушісі Е. Жанбырбаев 2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламаларын барлық деңгейіндегі білім алушыларды сапалы дайындауға бағытталғаны туралы атап өтті.

Білім беру бағдарламасын талқылау барысында кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамының және жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілді, барлық ұсыныстар ескеріле отырып, қорытынды жасалынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламалары «Агробиология» факультетінің Академиялық комитетіне жіберілсін.

Төрағасы:  
Хатшы:



Е. Жанбырбаев  
Қ. Құланбай



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«Агробиология» факультетінің

Академиялық комитеті мәжілісінің

**№ 6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

Алматы қаласы

30 қаңтар 2024 жыл

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

Төрайымы - Г. Баядилова

Хатшы - А. Ешенгалиева

Қатысқандар: 9 адам

Е. Жанбырбаев, М. Есеналиева, Ж. Бакенова, К. Караева, Г. Байсеитова, Э. Куандыкова, Г. Байсеитова

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Агробиология» факультетінің 2024-2028 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын талқылау, бекіту

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Факультеттің Академиялық комитетінің төрайымы Г. Баядилова және Академиялық комитеттің мүшелері, 2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылы 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламаларын талқылау.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Факультеттің Академиялық комитетінің төрайымы Г. Баядилова, сөз кезегін Академиялық комитеті отырысының мүшесі Г. Байсеитоваға берді.

Академиялық комитет мүшесі Г. Байсеитова өз сөзінде 2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» БББ кафедра қаралып, жұмыс берушілермен бірігіп дайындалғаны туралы атап өтті. БББ қазіргі заман талабына сай академиялық дәрежесінде білім беруге бағытталған пәндермен толықтырылған.

Білім беру бағдарламасына МЖМББС сай ЖБП міндетті пәндер компоненттеріне өзгерістер жасалынып, БП, КП циклінің таңдау пәндеріне заман талабына байланысты толықтырулар жасалынды. Жаңа оқу бағдарламасына сай кейбір пәндер жаңартылды. Аталған оқу бағдарламалары жұмыс берушілермен келісілген.

Қорыта келгенде жоғарыда аталған білім беру бағдарламалары білім алушыларды сапалы дайындауға бағытталған. Білім беру бағдарламаларын жан-жақты қаралып енгізілген және кафедра отырысында қорытындыланған.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

2024-2028 оқу жылына арналған 6B05103-«Биоинженерия», 6B05104-«Биоинформатика», 2024-2026 оқу жылына 7M08112-«Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламалары факультеттің Академиялық комитеті комиссиясының ұйғарымымен бір ауыздан бекітілсін.

Дайындалған білім беру бағдарламасы Университеттің оқу-әдістемелік Кеңесінде қарастыру үшін «Агробиология» факультетінің Кеңесіне жіберілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Г. Баядилова

А. Ешенгалиева